

"Мемлекеттік мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы"
"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 212 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 43 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 сәуірде № 22553 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10467 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мұліктік мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларында:

53-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"53-1. Жылжымайтын мұлік объектісін мұліктік жалдағаны (жалға алғаны) үшін жалдау ақысы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін 2020 жылғы 20 маусымнан бастап 2021 жылғы 30 маусымды қоса алғандағы кезеңде есептелмейді.

Жылжымайтын мұлік объектісін мұліктік жалдағаны (жалға алғаны) үшін жалдау ақысынан босату негізгі шартқа қосымша келісім жасасу жолымен жүзеге асырылады".

2. Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 қантардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

A. Иргалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК